

## МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге, 2026 жылы 15 сәуір күні аудандық «Өнер мектебі» мен «Аудандық тарихи-өлкетану музейінің» бірлесіп ұйымдастыруымен, тарихи-өлкетану музейі базасында бейнелеу өнері саласындағы талантты педагогтерді дамыту және жетілдіру мақсатында «Туған өлкемнің сиқырлы әлемі!» тақырыбындағы аудандық суретшілер байқауының өткізілетіндігін хабарлайды.

Аталған аудандық байқауға жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері қатыса алады.

Байқауға қатысу үшін өтінімдер №1 қосымшаға сәйкес [oner.mektebi.05@inbox.ru](mailto:oner.mektebi.05@inbox.ru)

электронды поштасына 2026 жылдың 14 сәуірге дейін қабылданады.


Байқаудың ережесі қосымша тіркелген.

Қосымша 2 парақта.

Т.Рысқұлов ауданының  
білім бөлімінің басшысының  
міндетін уақытша атқарушы

*Самылтыров*

Б.Самылтыров

**БЕКІТЕМІН**  
**Т.Рыскүлов ауданының**  
**білім бөлімінің басшысының**  
**міндетін уақытша атқарушы**  
  
Самылтыров **Б.Самылтыров**  
**«01» сәуір 2026 ж**

Педагогтер арасында «Туған өлкемнің сиқырлы әлемі»  
бейнелеу өнерінің аудандық байқауын өткізу ережелері

**1. Байқаудың мақсаты:** бейнелеу өнері саласындағы талантты педагогтерді анықтау және қолдау, сондай-ақ туған өлкенің мәдени және табиғи мұрасын бейнелейтін шығармашылық арқылы көркем-эстетикалық тәрбиені дамыту мен насихаттау.

**2. Байқаудың міндеттері:**

- 1) бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнер саласындағы педагогтердің шығармашылық белсенділігін ынталандыру;
- 2) авторлық шығармашылық арқылы дәстүрлі көркем қолөнер мен ұлттық құндылықтарды сақтау және дамыту;
- 3) көркем бейнелері мен сәндік пішіндер арқылы туған өлкені зерделеуге қызығушылықты қалыптастыру;
- 4) бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнерді білім беру қызметінде қолдану бойынша педагогтер арасында тәжірибе алмасу;
- 5) педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру және олардың жеке шығармашылық стилін дамыту.

**3. Байқауды өткізу мерзімі мен тәртібі:**

- 1). Байқаудың сұраныстары 2026 жылдың 14 сәуіріне дейін қабылданады.
- 2) өтінім үлгі бойынша 1-қосымшаға сәйкес;

**4. Байқау талаптары:**

1. Байқауға жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері қатыса алады:

2. «Бейнелеу өнерінің таңғажайып туындылары: тақырыбы бойынша қатысушылар тарихи-мәдени нысандарды бейнелеуі тиіс. Атап айтқанда, «Көне Құлан қалашығы», «Көне Ақыртас», «Көне Баласағұн», «Қожа Ахмет Яссауи кесенесі» Айша бибі, Арыстан баб, Жошы хан т.б. тарихи маңызы бар ескерткіштерді қамту ұсынылады.

Материалдар: майлы және акрил бояулар, гуашь, акварель және т.б.

Орындау техникасы мен стилі: еркін пішім: 40-50 см. Қатысушылар аталған тақырыпта суретті аудандық тарихи-өлкетану музейі базасында отырып салады.

Қатысушылар өздерімен бірге сурет салуға керекті құрал – жабдықтарын әкелуге тиіс. Сонымен қатар, үздік деп танылған 3 суретті аудандық музейге сыйға қалдырылады.

